Үзденіп білім алсаңыз, игілігін көресіз. Ойды ортаға салсаңыз, елге пайда бересіз.

МАҢҒЫСТАУ МҰҒАЛІМІ

№18 (342)
29 қыркүйек, 2020 жыл

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым 2006 жылдың 6 мамырынан бастап шыға бастады

Сандық білім беру ресурстары – сабақта

Қазіргі ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында оқушы назарын сабаққа аудару педагогтерден терең білім мен біліктілікті, үнемі ізденісте болып, өзін-өзі дамытып отыруды талап етеді. Ал бүгінгі таңдағы қашықтан оқыту форматында мұғалімдерге артылып отырған жауапкершілік өте зор екендігі белгілі.

Осыған орай, ұстаздар қауымы оқу үдерісінде түрлі ресурстарды қолданып, оқушыларға сапалы білім беруге бар күштерін салуда.

10 қыркүйек күні «Сандық білім беру ресурстары – сабақта» тақырыбымен өткен «Маңғыстау» телеарнасының «Түскі тақырып» бағдарламасында «Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның YouTube-тегі Өрлеу білім арнасындағы сандық білім беру ресурстарының тиімділігі жөнінде айтылып, орта білім берудің барлық пәндері бойынша республика педагогтерінің оқу процесінде пайдалануы үшін дайындалған 5000-нан астам бейнесабақтар облыс педагогтерінің назарына ұсынылды.

Құрметті педагогтер!

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдарының мамандары мен еліміздің озат тәжірибелі

ұстаздарының дайындаған сандық білім беру ресурстарын қолданып, әр сабағыңызда нәтижеге жеткіңіз келсе, «Өрлеу» білім арнасына жазылыңыз.

Роза ЖҮСІПОВА,
«Өрлеу»БАҰО»АҚФ
Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ
PR, SMM маманы

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының облыстық слеті

Маңғыстау облысының білім басқармасының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 15 қыркүйек күні балалар мен жасөспірімдердің азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының облыстық слеті қашықтан өткізілді.

Слетке жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 2004-2006 жылғы білім алушылары қатысты. Байқау номинацияларына сәйкес 49 жұмыс, бейнеролик қаралды.

Қазылар алқасының шешімімен жүлделі I орын: «Бард әндері» байқауы бойынша Ақтау қаласы, №3 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Қуанғали Еркебұланға; «Жас өлкетанушы» номинациясы бойынша Мұнайлы ауданы, №4 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Муханбетова Жеңіске; «Туған өлке соқпақтары» номинациясынан Маңғыстау ауданы, Өтес орта мектебінің 9 сынып оқушысы Аманғалиева Залинаға; «Ең керемет туристік өлке» номинациясы бойынша Бейнеу ауданы, Боранқұл орта мектебінің 11 сынып оқушысы Орынбасар Ақжібекке; «Туған өлке тарихы» номинациясынан Бейнеу ауданы, Бейнеу лицейінің 10 сынып оқушысы Мұратұлы Даниярға; «Туризм білімпаздары» номинациясы бойынша Ақтау қаласы №3 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Сейтбаев Даулетке берілді.



Барлық жүлделі I,II,III орын алған оқушылар білім басқармасының бағалы сыйлықтарымен, дипломдарымен марапатталды.

Республикалық слетке жолдама алған I орын жеңімпаздарына сәттілік тілейміз!

Ж. НҰҒЫМАНОВА,
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының
Туризм – өлкетану бөлімінің жетекшісі,
Ақтау қаласы